ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 07 тамыз № 5165-24-00-2/1700 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш. Мырзахметовтың,
сот отырысының хатшысы М.Ғ. Ғалижанның қатысуында, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Улбосын Муратовна Кайсакова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптар өкілдері сотқа қатыспады.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында 2024 жылғы 20 мамырда № 127 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт (әрі қарай келісім-шарт) түзілген.

Келісім-шарттың № 1 қосымшасына сай орындау мерзімі: келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жалпы сомасы 21 852 теңгеге, 2-дана акуммуляторлық шуруповерт тауарын жеткізуге жауапкер міндеттеме алған.

Талап қоюшы «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы сотқа жоғарыда көрсетілгендей талап қоюын беріп, онда тараптар арасында келісім шарт түзілгенін, алайда жауапкер жеке кәсіпкер Улбосын Муратовна Кайсакова тауарды жеткізбегенін, яғни келісім-шартта көзделген өз міндеттемесін орындамағанын көрсеткен.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 07.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Рысқұлбеков К. О., 11.09.2024
5165-24-3-1/1673

Жауапкер сотқа жазбаша қарсы пікір берген жоқ.

Талап қоюшы өкілі Е. Тасов сотқа арыз ұсынып, арызында талапты толық қолдап, оны арызда көрсетілген негіздермен қанағаттандыруды және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұраған.

Жауапкер белгісіз себептермен іске қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4, 6 - бөліктерінің талаптарына сәйкес сот істі тараптардың қатысуынсыз қарады және АПК-нің 281-бабының 1-бөлігіне сәйкес хаттама жүргізілген жоқ.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 272, 273 баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, талап қоюшы мен жауапкер арасында келісім-шарт түзілген, дегенмен жауапкер келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамаған, бұл мәселе іске тігілген келісім-шартты бір

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 07.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Рысқұлбеков К. О., 11.09.2024
5165-24-3-1/1673

жақтама бұзу туралы хабарламамен және істегі басқа да құжаттарымен дәлелденеді.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қою арызын Заңның талабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

АПК-нің 72 бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, жауапкер сотқа қатыспады және сотқа талап қоюшының талаптарын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер табыс етпеді.

Осыған орай, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 846 теңге өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Улбосын Муратовна Кайсакова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Улбосын Муратовна Кайсаковадан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 07.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Рысқұлбеков К. О., 11.09.2024
5165-24-3-1/1673

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 07.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Рыскулбеков К. О., 11.09.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»